

"Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 қазанды № 15880 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 30 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10181 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасына еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталарды сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталарды сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасына еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталарды сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау мен Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін шаруашылық жүргізу құқығы бар "Республикалық

"күкірткың ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді, сондай-ақ осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Зан департаментіне бүйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика  
министрі

T. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Қазақстан  
Республикасының Ауыл  
шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

2017 жылғы 26 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 19 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 26 қыркүйектегі  
№ 346 бүйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 20 қантардағы  
№ 30 бүйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасына еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік  
квоталарды сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасына еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталарын сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сауда қызметі туралы заң), 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" 2015 жылғы 12 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес өзірленген және тарифтік квоталарын сыртқы сауда қызметін реттеу құралы ретінде бөлу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

2) алдыңғы кезең –тарифтік квота қолданылған жылдың тікелей алдындағы екі жыл ;

3) жаңа өнім беруші – осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер болып табылатын заңды немесе жеке тұлға;

4) жоғары сапалы сиыр еті - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін, Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАӘО СЭК ТН) 0201 және 0202 тауар позицияларына енгізілген жас, тоңазытылған немесе мұздатылған ірі қара малдың еті немесе нетто-салмағы 1 000 килограммының құны 8 000 евродан кем болмайтын сиыр еті;

5) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

6) өнім беруші елдер – Қазақстан Республикасы тауарларды әкелуді кедендей келетін баждарын төлеуден босатуды көздейтін екі жақты немесе көп жақты келісімдер жасаспаған елдер;

7) өндеуші – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер болып табылатын, мынадай өлшемшартқа сәйкес келетін заңды немесе жеке тұлға:

Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішінің мынадай кодтарымен жіктелетін ет өнімінің өндірісін тарифтік квота қолданылған жылдың алдындағы жыл ішінде жүзеге асырады:

1013 14 – еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе жануарлардың қанынан жасалған шұжық және ұқсас өнімдер;

1013 15 – еттен жасалған дайын жартылай фабрикаттар мен қосымша ет өнімдерінен басқа, еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе жануарлардың қанынан жасалған дайын және консервленген өзге де өнімдер;

8) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

9) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – жаңа өнім берушілер, тарихи өнім берушілер және өндеушілер;

10) тарифтік квота көлемі – Заңына сәйкес квотаішлік мөлшерлемелермен кедендей әкелу баждары салынатын заттай мәндегі тауар саны;

11) тарихи өнім беруші – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер болып табылатын, мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін заңды немесе жеке тұлға:

алдыңғы кезеңде және/немесе тарифтік квота қолданылған жылдың тікелей алдындағы жыл ішінде өнім беруші елдерден тауарды "ішкі тұтыну үшін шығару" кедендей рәсімінде әкелуді жүзеге асырады;

тарифтік квота қолданылған жылдың тікелей алдындағы жыл ішінде тауарды әкелу көлемі коммерциялық пайдалы тауар санынан кем болмауға тиіс;

12) тарихи өнім берушінің тиісті тауар түрін әкелу көлемі – осы тарихи өнім беруші алдыңғы кезеңде өнім беруші елдерден кедендей әкелу баждарының ішкі және квотадан тыс мөлшерлемелері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағына "ішкі тұтыну үшін шығару" кедендей рәсімімен әкелген заттай мәндегі тиісті тауар түрінің саны;

13) тауар:

ірі қара мал еті – жоғары сапалы сиыр етін қоспағанда, ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 0201 "Ірі қара мал еті, жас немесе тоңазытылған" және 0202 "Ірі қара мал еті, мұздатылған" тауар позицияларына енгізілген ет (бұдан әрі – ІҚМ еті);

құстың аяқтары – ЕАЭО СЭҚ ТН-нің "Мұздатылған сүйегі сылынбаған жартылары немесе ширегі және аяқтары және үй тауықтары мен олардың кесектері (Gallus domesticus)" 0207 14 200 1 және 0207 14 600 1 кодтарымен жіктелген ет (бұдан әрі – құстың аяқтары);

өзге де құс еті – ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 0207 14 200 1 және 0207 14 600 1 кодтарын қоспағанда, ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 0207 "0105 тауар позициясында көрсетілген ет және үй құсының тағамдық қосымша өнімдері, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған" тауар позициясына енгізілген ет (бұдан әрі – өзге де құс еті);

14) тауардың коммерциялық пайдалы саны – тауар көлемі 25 килограмнан астам;

## **2-тaraу. Тарифтік квоталарды бөлу тәртібі**

3. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күніне қарай сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға

және агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 0201, 0202, 0207 тауар позициялары бойынша 10 таңба деңгейінде заттай және құндық көлемдері туралы ақпаратты ұсынады.

Ақпарат, әкелуді жүзеге асыратын сыртқы сауда қызметіне қатысушылар, тауарларды шығарған ел және тауар декларацияланған кедендік рәсім көрсетіле отырып, өсу қорытындысымен қоса ұсынылады. Көрсетілген ақпарат тауардың шығарылу күні бойынша қалыптастырылады.

Ұсынылған ақпараттың әр параграфына уәкілетті органның кеден ісі саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің ақпарат алмасуды жүзеге асыруға уәкілетті басшысы қол қояды.

#### 4. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган:

сиртқы сауда қызметіне қатысушылардың әрбір санаты үшін тауардың әрбір түрін әкелуге арналған тарифтік квоталарды Сауда қызметі туралы заңына сәйкес бекітеді;

жыл сайын тарифтік квоталар қолданылған жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қазанына дейін интернет - ресурста тарифтік квота туралы ақпаратты орналастырады: түсіндіру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, оның қолданылу мерзімі және тауардың әрбір түрі бойынша көлемі, сондай-ақ тарифтік квотаның көлемі шегінде әкелінетін тауарларға қатысты қолданылатын кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері туралы;

жыл сайын осы Қағидаларға сәйкес тарихи өнім берушілер мен жаңа өнім берушілерге бөлінген ИКМ етін, құстың аяқтарын және өзге де құс етін әкелуге арналған тарифтік квоталарды тарихи өнім берушілер мен жаңа өнім берушілер арасында бөледі;

тарифтік квота қолданылған жылдың 31 желтоқсанына дейін тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар тарихи өнім берушілер арасында бөлудің осы Қағидаларға сәйкес бірінші кезеңін бекітеді;

тарифтік квота қолданылатын жылдың 15 сәуіріне дейін тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар тарихи өнім берушілер арасында бөлудің осы Қағидаларға сәйкес екінші кезеңін бекітеді;

жыл сайын тарифтік квота қолданылатын жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін осы Қағидаларға сәйкес айқындалған көлемдерде тарифтік квота қолданылатын тауарлардың импортына сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға лицензиялар беруді жүзеге асырады.

#### 5. АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган жыл сайын:

өндешілдер арасында ИКМ етін әкелуге арналған тарифтік квоталарын осы Қағидаларға сәйкес бөледі;

тарифтік квоталар қолданылған жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қазанына дейін түсіндіру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, интернет - ресурста

өндеушілер арасында бөлінетін тарифтік квотаның көлемін көрсете отырып, тарифтік квоталардың көлемдерін бөлуге қатысу үшін өндеушілерден Өтінімдер (бұдан әрі – Өтінім) қабылдау туралы хабарландыруды, сондай-ақ өтінімдерді қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты орналастырады;

тарифтік квоталар қолданылған жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін (қоса алғанда) өндеушілер үшін айқындалған тарифтік квоталарын бөлуге қатысу үшін өндеушілерден Өтінімдер жинауды жүзеге асырады;

тарифтік квоталар қолданылған жылдың тікелей алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға түскен Өтінімдерге сәйкес тарифтік квотаны бөлу жоспарланған өндеушілердің тізбесін ұсынады;

тарифтік квоталар қолданылған жылдың тікелей алдындағы жылдың 15 желтоқсанына дейін өндеушілер айқындаған тарифтік квоталарды өндеушілер арасында осы Қағидаларға сәйкес бөлуді бекітеді;

тарифтік квота қолданылатын жылдың 1 мамырына дейін, интернет - ресурста талап етілмей тарифтік квотаның көлемін көрсете отырып, талап етілмей қалған тарифтік квоталарды бөлуге қатысу үшін өндеушілерден Өтінімдер қабылдау туралы хабарландыруды, сондай-ақ түсіндіру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, Өтінімдердің қабылдану мерзімдері туралы ақпаратты орналастырады;

тарифтік квота қолданылатын жылдың 1 маусымына дейін (қоса алғанда) талап етілмей қалған тарифтік квоталарды бөлуге қатысу үшін өндеушілерден Өтінімдер жинауды жүзеге асырады;

тарифтік квота қолданылатын жылдың 15 шілдесіне дейін, талап етілмей қалған тарифтік квоталарды өндеушілер арасында осы Қағидаларға сәйкес бөлуді бекітеді.

6. Сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың санаттары арасында тарифтік квоталардың жылдық көлемдерін бөлу мынадай:

тарихи өнім берушілерге: ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квотаның жылдық көлемінің 54%-ы, құстың аяқтарына- 90% және өзге құс етіне - 90%;

өндеушілерге: ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квотаның жылдық көлемінің 44%-ы;

жаңа өнім берушілерге: ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квотаның жылдық көлемінің 2%-ы, құстың аяқтарына - 10% және өзге құс етіне - 10%;

7. Тарифтік квоталар өнім беруші елдер арасында Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімі бойынша алдыңғы кезенде көрсетілген елдерден әкелу көлеміне пропорционалды түрде бөлінеді.

### **3-тaraу. Тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісі**

8. Тарихи өнім берушілер арасында ИҚМ етін, құстың аяқтарын және өзге құс етін әкелуге арналған тарифтік квоталарды бөлу екі кезенде жүзеге асырылады.

9. Бірінші кезең шенберінде тарихи өнім берушілер арасында тауардың әрбір түрі бойынша тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталардың жылдық көлемінің жиырма бес пайзы бөлінеді.

Әрбір тарихи өнім берушінің тарифтік квотасының көлемін есептеу әрбір өнім беруші үшін тауардың әрбір түрі бойынша жеке мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$q_9 = \frac{V_I + V'_{II-9}}{V'_I + V'_{II-9}} * 0,25 * Q$$

Мұндағы:

$q_9$  – бірінші кезең шенберінде есептелген тарихи өнім берушінің тауардың әрбір түрін әкелуге арналған тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

$Q$  – тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тауардың әрбір түрі бойынша жылдық тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

$V_I$  – алдыңғы кезеңнің бірінші жылында тарихи өнім берушінің тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен;

$V'_{II-9}$  – тарифтік квота қолданылатын жылдың алдындағы жылдың тоғыз айында тарихи өнім берушінің тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен;

$V'_I$  - тарифтік квота қолданылатын жылдың тікелей алдындағы жылдың тоғыз айы ішінде тауардың тиісті түрін әкелуді жүзеге асыратын барлық тарихи өнім берушілердің алдыңғы кезеңнің бірінші жылында тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен;

$V'_{II-9}$  - тарифтік квоталар қолданылатын жылдың тікелей алдындағы жылдың тоғыз айында осы кезеңде ішінде тауардың тиісті түрін әкелуді жүзеге асыратын барлық тарихи өнім берушілердің тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен.

10. Екінші кезең шенберінде тарихи өнім берушілердің арасында тауардың әрбір түрі бойынша тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталардың жылдық көлемінің жүз пайзы бөлінеді.

Әрбір тарихи өнім беруші үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу тауардың әрбір түрі бойынша жеке мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$q_{12} = \frac{V}{V'} * Q - q_9$$

Мұндағы:

$q_{12}$  – екінші кезең шеңберінде есептелген тарихи өнім берушінің тауардың әрбір түрін әкелуіне арналған тарифтік квотаның жылдық көлемі, килограммен;

$Q$  – тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тауардың әрбір түрі бойынша жылдық тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

$q_9$  – бірінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушіге бөлінген тауардың тиісті түрін әкелуге арналған тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

$V$  – алдыңғы кезенде тарихи өнім беруші жүзеге асырған тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен;

$V'$ -тарифтік квота қолданылатын жылдың тікелей алдындағы жылы тауардың тиісті түрін әкелуді жүзеге асырған барлық тарихи өнім берушілердің алдыңғы кезенде тауардың тиісті түрін әкелу көлемі, килограммен.

11. ИҚМ етінің әрбір тарихи өнім берушісі үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу кезінде ол әкелген жоғары сапалы сиыр етінің көлемі осы тарихи өнім берушілерге ИҚМ етін әкелу көлемі есепке алынбайды.

Әкелінген жоғары сапалы сиыр етінің көлемі алдыңғы кезенде сондай-ақ көрсетілген алдыңғы кезенге ИҚМ етінің барлық тарихи өнім берушілерінің әкелу көлемі есепке алынбайды.

12. Осы Қағидалардың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген формулалар бойынша жүргізілген есептеулердің нәтижелері математикалық түрде тұтас санға дейін дөңгелектенеді (килограмм мәніне дейін).

13. Егер осы Қағидалардың 9 және 10-тармақтарына сәйкес есептелген тарихи өнім берушінің тауардың қандайда бір түрін әкелуге арналған тарифтік квотаның көлемі коммерциялық пайдалы санынан кем болса, онда осындай осы тауар түрі бойынша тарихи өнім берушіге тарифтік квота бөлінбейді. Бұл ретте ол әкелген тауардың тиісті түрінің көлемі қалған тарихи өнім берушілерге тарифтік квотаның көлемдерін есептеу кезінде алдыңғы кезенде әкелінген тауардың осы түрінің жалпы көлеміде есепке алынбайды.

14. Егер ол тауардың осы түрін өндеуші болып табылса, ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квота тарихи өнім берушіге бөлінбейді.

Осындай тарихи өнім берушілер әкелген ИҚМ етінің көлемі қалған тарихи өнім берушілерге тарифтік квотаның көлемдерін есептеу кезінде алдыңғы кезенде әкелінген тауардың осы түрінің жалпы көлемінде есепке алынбайды.

15. Лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік он бес күннің ішінде тарихи өнім берушілер сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық комиссиясының шешімімен бекітілген нысан бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган беретін лицензияның орындалғаны туралы анықтама ұсынады.

#### **4-тaraу. Жаңа өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісі**

16. Тарифтік квоталарды бөлуге қатысу үшін жаңа өнім берушілер сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға Еуразиялық экономикалық комиссиясының шешімімен бекітілген тауардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импорттына рұқсат рәсімдеу туралы нұсқауға сәйкес тауардың әрбір түрі бойынша еттің жекелеген түрлерінің импорттына арналған лицензия беруге Өтініш (бұдан әрі – Өтініш) береді.

Өтініштер тарифтік квота қолданылатын жылдың бірінші наурызынан бастап беріледі.

Көрсетілген күннен бұрын ұсынылған Өтініштер қараусыз қайтарып беріледі.

17. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган Өтініштерді қарайды және Өтініштер беру кезегінің тәртібімен еттің жекелеген түрлерінің импорттына арналған лицензияларды береді.

Еттің жекелеген түрлерінің импорттына арналған лицензияларды Өтініште көрсетілген сан бойынша жаңа өнім берушілер үшін айқындалған жылдық тарифтік квотаның жалпы көлемінен әр жаңа өнім беруші үшін он бес пайыздан аспайтын көлемде, жаңа өнім берушілер үшін көзделген тарифтік квоталар көлемдері таусылғанға дейін беріледі.

18. ІҚМ етін өндеуші тауардың осы түрінің жаңа өнім берушісі бола алмайды.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер болып табылатын заңды немесе жеке тұлғалар, егер олар тауардың осы түрінің тарихи өнім берушісі болып табылса, тауардың жаңа өнім берушісі бола алмайды.

19. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган апта сайын тарифтік квота қолданылатын жылдың наурыз айынан бастап аптаның соңғы жұмыс күнінде лицензиялар берілген тарифтік квоталардың көлемдері мен тарифтік квота таусылғанға дейін тауардың әрбір түрі бойынша бөлінбей қалған көлемдері туралы мәліметтерді интернет - ресурста жариялады.

20. Лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін құнтізбелік он бес күннің ішінде жаңа өнім берушілер сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық комиссиясының шешімімен бекітілген нысан бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган беретін лицензияның орындалғаны туралы анықтама ұсынады.

21. Егер жаңа өнім беруші берілген лицензия бойынша тауар әкелуді жүзеге асырмаған жағдайда, ол тауардың осы түрі бойынша кейінгі екі жылда жаңа өнім беруші ретінде тарифтік квоталарды бөлуге қатысу мүмкіндігінен айырылады.

Осындай жаңа өнім берушінің Өтініштері қараусыз қайтарып беріледі.

Осы тармақтың ережелері жаңа өнім берушіге қолданымайды, егер ол еттің жекелеген түрлерінің импортына берілген лицензияны қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қайтарса.

22. Жаңа өнім беруші лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін еттің жекелеген түрлерінің импортына арналған, өзіне берілген лицензияны қайтарған жағдайда, жаңа өнім беруші пайдаланбаған тарифтік квотаның көлемі қайта бөлуге жатады.

Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган интернет - ресурсқа тауардың тиісті түрін әкелуге арналған, тарифтік квоталардың пайдаланылмаған көлемдері туралы хабарландыруды орналастырады.

Тарифтік квотаның пайдаланылмай қалған көлемдері шеңберінде тауарларды әкелуге лицензия алу үшін жаңа өнім берушілердің өтініштері хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң қабылданады. Аталған көлемдер осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында белгіленген ережелерге сәйкес бөлінеді.

## **5-тaraу. Өндеушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісі**

23. Өндеушілер арасында ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квоталарды бөлуді агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

24. Тарифтік квоталарды бөлуге қатысу үшін өндеушілер агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

әкелуге жоспарланған ИҚМ етінің көлемін, Өтінім берілген жылдың алдындағы толық жылда және Өтінім берілген жылдың тоғыз айында дайын тауардың әрбір түрінде дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылған шикізат көлемінде ИҚМ етінің үлесін көрсете отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтінімді;

кәсіпорынның (дара кәсіпкерлер үшін – тамақ өнімдерін өндіретін (дайындаудын) объектіге есептік нөмір беру туралы (растау) анықтаманы) Өтінім берілген күннің алдындағы толық жылда және Өтінім берілген жылдың тоғыз айында құжаттың қабылданғаны туралы статистика органының белгісі бар өнімді өндіру және жөнелту туралы статистика органдарына есебінің нотариат растиған көшірмесін (не салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсынған кезде көшірмені) ұсынады.

25. Егер барлық өндеушілердің Өтінімдерінде көрсетілген ИҚМ етінің көлемі өндеушілер үшін айқындалған тарифтік квота көлеміне тең немесе одан аз болса, онда тарифтік квота өндеушілер арасында сұратылатын көлемдерге сәйкес бөлінеді.

26. Егер барлық өндеушілердің Өтінімдерінде көрсетілген ИҚМ етінің көлемі өндеушілер үшін бөлінген тарифтік квота көлемінен асып кетсе, онда тарифтік квотаның көлемі өндеушілер арасында мынадай формулалар бойынша бөлінеді:

1)

$$V_{\text{тұтыну}} = \frac{P * K * S}{100\%} ;$$

мұндағы:

$V_{\text{тұтыну}}$  – Отінім берілген күннің алдындағы толық жылда ет өнімдерін өндіру үшін өндеуші пайдаланған ИҚМ етінің көлемі, килограммен;

$P$  – кәсіпорынның өнімді өндіру және жөнелту туралы статистика органдарына беретін Отінім берілген күннің алдындағы толық жылдағы есебінде (дара кәсіпкерлер үшін – тамақ өнімдерін өндіретін (дайындаудын) объектіге есептік нөмір беру туралы (растай) анықтамада) көрсетілген, өндеуші өндірген ет өнімдерінің көлемі, килограммен ;

$K$  – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ет өнімдерін етке ауыстыру коэффициенті ;

$S$  – Отінім берілген күннің алдындағы толық жылда дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылған шикізаттың жалпы көлеміндегі ет өнімдерін өндіру кезінде және өнім беруші елдерден әкелінген ИҚМ етінің үлесі, пайыздық мәнде;

2)

$$D = \frac{V_{\text{тұтыну}}}{\sum V_{\text{тұтыну}}} * 100\% ;$$

мұндағы:

$D$  – Отінім берген барлық өндеушілердің ИҚМ етін тұтынуының жалпы көлемінде әрбір өндеушінің үлесі, пайыздық мәнде;

$\Sigma V_{\text{тұтыну}}$  – Отінім берілген күннің алдындағы толық жылда барлық Отінім берген өндеушілер тұтынған ИҚМ етінің жиынтық көлемі, килограммен;

3)

$$V'_{\text{trq}} = \frac{V_{\text{trq}} * D}{100\%} ;$$

мұндағы:

$V'_{\text{trq}}$  – әрбір нақты өндеуші үшін есептелген ИҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квотаның көлемі;

$V_{trq}$  – өндеушілер үшін ІҚМ етін әкелуге арналған тарифтік квотаның жалпы көлемі

; 27. Егер өндеуші өтінім берген ІҚМ етін әкелуге тарифтік квотаның көлемі осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген формулалар бойынша, осы кәсіпорын үшін есептелген тарифтік квотаның көлемінен аз болса, онда өндеушіге тарифтік квотаның өтінім берілген көлемі бөлінеді. Тарифтік квотаның қалған көлемі қалған өндеушілер арасында ІҚМ етін тұтынудың жалпы көлеміндегі олардың үлестеріне пропорционалды түрде бөлінеді.

28. Осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген формулалар бойынша жүргізілген есептеулердің нәтижелері математикалық түрде тұтас санға дейін дөнгелектенеді (килограмм мәніне дейін).

29. Егер есептеу нәтижелері бойынша өндеушіге бөлінген тарифтік квотаның көлемі тауардың коммерциялық пайдалы санынан кем болса, онда тарифтік квота мұндай өндеушіге бөлінбейді, ал ол тұтынған ІҚМ етінің көлемі қалған өндеушілерге тарифтік квотаның көлемдерін есептеу кезінде ет өнімдерін өндіру үшін пайдаланылған ІҚМ етінің жалпы көлемі есепке алынбайды.

30. Лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін құнтізбелік он бес күннің ішінде өндеушілер сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық комиссиясының шешімімен бекітілген нысан бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган беретін лицензияның орындалғаны туралы анықтама ұсынады.

31. Кедендік әкелу баждарын төлеуден босатылуы болжанатын кедендік ресімдерде ІҚМ етін әкелуді жүзеге асыратын өндеушілерге тарифтік квота бөлінбейді.

Кедендік баждарды төлеуден босату іс-қимылдары тоқтатылған жағдайда, осындаі өндеушілер тарифтік квоталарды бөлуге жалпы негізде қатысады.

32. Агронеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган жыл сайын:

1) 1 қантардан бастап 1 қазанға дейін іс жүзінде әкелінген ІҚМ еті туралы деректерді ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдықта өндеушілер өндірген ет өнімінің көлемімен салыстырып тексереді;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін іс жүзінде әкелінген ІҚМ еті туралы деректерді толық өткен жылды өндеушілер өндірген ет өнімінің көлемімен салыстырады.

Егер өндеушінің ІҚМ етін әкелу көлемі ІҚМ етіне қайта есептеген кезде өзі өндірген ет өнімінің көлемінен асып кеткен жағдайда, онда аталған өндеуші кейінгі жылға тарифтік квоталардың көлемдерін бөлуге қатысу мүмкіндігінен айырылады.

33. Бөлінген тарифтік квота көлемін пайдаланбаған өндеушілер кейінгі жылды тарифтік квоталарды бөлуге қатыспайды.

Тарифтік квоталарды кейінгі жылдарға бөлу кезінде тарифтік квотаның бөлінген көлемін ішінара пайдаланған өндеушілер үшін тарифтік квотаның мөлшері бұрын әкелінген көлемнен аспайтын деңгейде белгіленеді.

Қазақстан Республикасына  
еттің жекелеген түрлерін  
әкелуге арналған тарифтік  
квоталардың көлемдерін сыртқы  
сауда қызметіне қатысушылар  
арасында бөлу қагидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## Әтінім

(өндеушінің толық атауы)

Мыналарды ИҚМ етінің (коды ЕАЭО СЭК ТН 0202)

тонна көлемінде) импортына квота бөлуді сұрайды.

Біздің кәсіпорнымызда дайын өнім өндірісінде ет шикізаты түрлерінің арақатынасы мынадай:

Дайын өнімнің атауы	Өндірістің көлемі (әтінім берілген күннің алдындағы толық жылда және әтінім берілген жылдың тоғызы айында)	Дайын өнім өндіру кезінде пайдаланылатын ИҚМ етінің* улесі, %

Әкелінетін шикізатты мақсатына қарай пайдалануға міндеттенеміз.

Бірінші басшы \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны (куні)

Ескерту:

ИҚМ еті\* - ірі қара мал еті

Қазақстан Республикасына  
еттің жекелеген түрлерін  
әкелуге арналған тарифтік  
квоталардың көлемдерін сыртқы  
сауда қызметіне қатысушылар  
арасында бөлу қагидаларына  
2-қосымша

## Ет өнімдерін етке аудару коэффициенттері

Өнім	Коэффициент
Шұжық өнімдері (орташа коэффициент)	1,37
Пісірілген шұжықтар, жіңішке шұжықтар, сардельдер	1,2

Жартылай ысталған шұжықтар	1,7
Пісіріліп ысталған шұжықтар	2,0
Шикілей ысталған шұжықтар	2,5
Ет консервілері:	
Шартты банкілерден қайта есептеу үшін	0,5
Салмағынан (тонна) қайта есептеу үшін	1,4
Ет-өсімдік консервілері	0,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК